

**Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін, шаруа және фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілерге арналған салықтық есепке алу саясаты нысанын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2011 жылғы 28 маусымдағы № 335 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 27 шілдеде № 7087 тіркелді

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2011.12.30 № 687 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 56-бабы 4-тармағына сәйкес **Б Ұ Й Р А М Ы Н :**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін, шаруа және фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілерге арналған салықтық есепке алу саясаты нысаны **б е к і т і л с і н .**

2. Мыналар күшін жойды деп танылсын:

1) "Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін, шаруа және фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілерге арналған салықтық есепке алу саясаты нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 619 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5438 тіркелген, 2009 жылы 27 қаңтардағы № 12 (1435) "Заң газеті" газетінде **ж а р и я л а н ғ а н**) ;

2) "Салық есебін жүргізудің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 620 бұйрығы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5431 тіркелген , 2009 жылы 27 қаңтардағы № 12 (1435) "Заң газеті" газетінде жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Ерғожин Д.Е.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуін және кейінгі бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды **қ а м т а м а с ы з** **е т с і н .**

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.



Шағын бизнес субъектілері үшін  
 арнаулы салық режимін, шаруа  
 және фермер қожалықтары үшін  
 арнаулы салық режимін қолданатын  
 салық төлеушілерге арналған  
 салықтық есепке алу саясатының  
 нысанына № 1 қосымша

**Патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын жеке кәсіпкерлерге арналған салық есебі кітабы**

(титул парағы)

Жеке кәсіпкердің аты-жөні	_____		
Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН-і)	_____	_____	_____
Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН-і) болуы кезінде	_____	_____	_____
Жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметтің түрі	_____		
Қызметтің басталу және аяқталу күні	_____		

**Кірістерді есепке алу ведомосі**

(теңге)

Күні	Операциялардың атауы	Сомасы
1	2	3
Бір күнде жиыны	x	
Бір айда жиыны	x	
Бір тоқсанда жиыны	x	
Бір жылда жиыны	x	

Ескертпе: кітап күн сайын, хронологиялық тәртіппен жұмыс күнінің соңында қорытындыны шығара отырып толтырылады. Айдың, тоқсанның, жылдың соңында ай, тоқсан, жыл үшін қорытынды деректер шығарылады.

Шағын бизнес субъектілері үшін  
 арнаулы салық режимін, шаруа  
 және фермер қожалықтары үшін  
 арнаулы салық режимін қолданатын  
 салық төлеушілерге арналған  
 салықтық есепке алу саясатының  
 нысанына № 2 қосымша



## Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы арқылы міндеттемені есепке алу ведомосі

(теңге)

Күні	Операциялардың атауы (шығарындылар, төгінділер, орналастырылған қалдықтар)	(Ластағыш заттар, отын, қалдықтардың түрі	Өлшем бірлігі	Саны	Төлем ставкасы	Төлем сомасы (теңге)
1	2	3	4	5	6	7
					xxx	xxx
	Бір күнде жиыны				xxx	xxx
	Бір айда жиыны					
	Бір тоқсанда жиыны					
	Бір жылда жиыны				xxx	xxx

Ескертпе: ведомосі күн сайын, хронологиялық тәртіппен тоқсанның соңында қорытындыны шығара отырып толтырылады. Жылдың соңында жыл үшін қорытынды деректер шығарылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ